

## Маңызды стратегиялық мәні бар қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 маусымдағы N 619 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Білім берудің мемлекеттік стандарттары мен тестілеу ұлттық орталығының ақпараттық жүйесін кеңейту және алып жүру үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар 2004 жылға 69127100 (алпыс тоғыз миллион жүз жиырма жеті мың бір жүз) теңге сомада қызметтер көрсетуді беруші болып "ASTEL" ашық акционерлік қоғамы белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі заңнамамен белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасуды;

осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаның оңтайлы әрі тиімді жұмсау қағидатының сақтауын;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*